

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 01

« 19 » қаңтар 2021 жыл

Жезқазған қаласы

**Жезқазған қаласында
шектеу шараларын
күшейту туралы**

Мен, Жезқазған қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері О. Т. Байгожина, COVID-19 (бұдан әрі - КВИ) ауруы бойынша материалдарды қарастырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 38, 104-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 қаңтардағы № 67 Қаулысының 18 тармағын сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Жезқазған қаласының аумағында кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметтің және халықтың өмір сүру жағдайындағы карантин режимін ерекше шарттарымен күшейту.

2. Жезқазған қаласының тұрғындарына

- бір отбасы мүшелерін қоспағанда, 3 адамнан артық адамдардың жиналуына тыйым салынады;
- 60 жастан асқан адамдарға елді мекендер мен қоғамдық орындар бойынша жүріп-тұруды шектеу ұсынылсын;
- жерлеу іс-шараларын өткізу кезінде кемінде екі метр қашықтықты сақтай отырып, 5 астам адамның жиналуына жол бермеу;
- бұқаралық, ұжымдық іс-шараларды (мерекелік іс-шараларды, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, конференцияларды, семинарларды, көрмелерді, форумдарды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын;

3. Жезқазған қаласы әкімінің орынбасарына (жетекшілігі бойынша):

- Жезқазған қаласының аумағында COVID-19 таралуының алдын алу үшін карантиндік режимнің бұзылуын анықтау үшін жұмыс тобы құрылсын;
- карантин кезеңінде санитарлық-дезинфекциялық режимнің қатаң сақталуы үшін мониторингтік топтардың жұмысын күшейту,;
- жолаушылар көлігінің санын қарбалас кезеңде көбейту (таңертең сағат 05:00-ден 09:00-ге дейін және кешке сағат 16:00-ден 19:00-ге дейін) санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып барлық есіктердің ашылуымен;
- зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға, жақын қатынаста болған тұлғалардың 14 күн үй карантині кезіндегілерге әлеуметтік көмек көрсету, азық-түлік жеткізу, алғашқы қажеттіліктегі тауарлар және т. б. көмек көрсету үшін еріктілердің жұмысын белсендіру;

4. Жезқазған қаласы әкімінің орынбасарына (жетекшілігі бойынша) және ұйымдардың басшылары барлық меншік нысанындағы:

- ұйымдарда, кеңселерде қызметкерлерді кем дегенде 80% дейін қашықтықтан (дистанционды) әдісіне көшіру;
- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда жеке қабылдаулар, мәжілістер, семинарлар және т. б. жеке қызметкерлерімен жиындар өткізбеу, аса маңызды қажеттілікті талап ететін жағдайларды қоспағанда;

5. Демалыс күндері (сенбі, жексенбі) келесі шектеу шараларын еңгізу:

- жабық базарлардың жұмысын тоқтата тұру (азық-түлік және азық-түлік емес);
- сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда желілерінің жұмыстарын тоқтата тұруға;
- СПА-орталықтар, бассейндер жұмыстарын тоқтата тұруға;
- спорттық - сауықтыру және фитнес-орталықтарға жұмыстарын тоқтата тұруға.

6. Қызметтері рұқсат етіледі:

- моншалар толтыру кезінде 50% артық емес және санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып,;
- медицина орталықтардың, кабинеттердің, стоматологияларға (жазылумен);
- жеке және топтық жаттығулар, ашық ауада (5 адамнан артық емес топ);
- жеке автокөліктердің өңірлер арасында қозғалуына;
- Балалар кабинеттері/орталықтар түзету балалар мен ересектерге білім беру орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде толтыру тобының 15 адам ғана, алдын-ала жазылу бойынша, санитарлық және дезинфекциялық шараларды күшейте отырып,;
- Сұлулық салондары, шаштараз, орталықтар мен салондары, косметикалық және косметологиялық қызметтер көрсететін, маникюр және педикюр, қамтамасыз ету қызметі бойынша алдын-ала жазылу санитариялық шараларды сақтай отырып,;
- халықты үй-жайында орналастыру қызметтері (қонақ үйлер, қонақ үйлер, санаторлық-курорттық ұйымдар, үй/демалыс базалары, туристік базалар және т. б.) 80% толтырылуыменен.
- Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес) жексенбі күнінен басқа;
- қоғамдық тамақтандыру нысаналары (үй-жайларында) сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін толтыру кезінде 50% - ға дейін, бірақ 30 орындық;

- қоғамдық тамақтану нысандары және фудкорты сауда үйлері мен ойын-сауық орталықтарында жеткізу және шығару ғана санитариялық – дезинфекциялық шараларды сақтай отырып,;

7. Жұмыс режимі шектеледі:

- Супермаркеттер, гипермаркеттер 2000 ш.м. дейін, сауда үйлері, сауда орталықтары, базарлар азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын іске асыру бойынша сағат 20:00-ге дейін

- екінші деңгейдегі Банктердің, халыққа қызмет көрсету Орталығы мен "Қазпошта" АҚ бөлімшесінің шектелген уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;

8. Қызметтеріне тыйым салынады:

- Театрлар мен кинотеатрларға;

- мәдениет нысаналарына (дайындық жүргізуге);

- Банкеттік залдарға;

- ойын-сауық мекемелері (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг-орталықтар, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), букмекерлік кеңселер;

- мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтарды қоспағанда), кезінде толтыру тобы – 15 адам, алдын-ала жазылу бойынша;

- спортшыларға оқу-жаттығу жиындарына және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарыстарға шығып қатысу үшін тыйым салынсын;

- Сауықтыру, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар, спорттық іс-шаралар жабық мекемелерде.

9. Өнеркәсіп және индустриялық кәсіпорындар субъектілеріне (объектілеріне):

- жұмыс орнына дейін және кері қарай қосымша қоғамдық автокөліктерді бөлу, санитарлық шараларды қатаң сақтауымен, көлік құралының санына сәйкес отыру орындарын толтыра отырып, іс-сапары кезінде маскалық режимді және санитарлық талаптарды сатап.

10. Діни мекемелерге:

- Шіркеулер, мешіттер, соборлар, синагогтар, намаз үйлерінде және басқа да діни қызметін көрсететін мекемелерде ұжымдық іс-шараларды (құдайға құлшылық ету және намаз) өткізбеу;

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2021 жылғы 23 қаңтар сағат 00-00-ден бастап күшіне енеді.

**Жезқазған қаласының
Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері**



О.Т. Байгожина

мөр
орны